

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА

Қалыпты анатомия модулі

СӨЖ

ТАҚЫРЫБЫ: *Иммундық жүйенің шеткі
мушелері.*

Орындаған: Жылқыбай А.Т
Қабылдаған: м.ғ.д, профессор
Дүйсембаева Ә.Т.

Факультет: Жалпы медицина
Группа: ЖМ14-015-2к

Алматы 2016




ЖОСПА

Р:

1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
 - А)иммунды жүйе
 - Б)бадамша без
 - В)лимфа түйіндері
 - Г)көкбауыр
 - Д)тимус
- 3.Қорытынды




Иммунды жүйе — барлық лимфоидты организмдер мен организмдегі торшалар жинағы. Ерекше иммундық қорғаныс механизмдеріне жауапты болып табылады.




Иммундық жүйенің шеткі мүшелеріне - бадамша бездер, лимфа түйіндері, көкбауыр, соқырішек және т. б. жатады. Жұтқыншақтың сілемейлі қабығында 6 бадамша без шоғырланған. Оларды жұтқыншақ лимфа сақинасы деп те атайды. Ол арада жұп таңдай, жұп түтікті, сыңар жұтқыншақ және сыңар тіл, бадамша бездері орналасқан. Бұл бадамша бездер организмге тамақпен түскен зиянды микробтарды жоюға қатысады. Лимфа түйіндері көбіне ірі қантамырлардың маңында болады. Адам организмінде 460-қа жуық лимфа түйіндері бар. Олар шоғырланып жатады.



Бадамша, миндалины (tonsillae) — [мұрын](#), [жұтқыншақ](#), [ауыз](#) қуысының аралықтарына орналасқан [бездер](#). Бадамша лимфоидты тіндерден құралады, иммундық жүйеге жатады және организмді қоршаған ортаның зиянды микробтарынан қорғайды. Сәбилерде, жасөспірімдерде Бадамша жақсы қорғаныс қызметін атқарады







Ересек адамдарда лимфоид тіндерінің бірте-бірте дәнекер тіндеріне айналуына байланысты Бадамшаның қорғаушы қасиеттері азаяды. Бадамша таңдай, тіл, жұтқыншақ, түтіктік Бадамшалары болып ажыратылады. Таңдай Бадамшасы жұп болады, [көмейдің](#) (ауыз қуысының жұтқыншаққа өтетін шекарасы) екі бүйірінде, ал [тіл](#) Бадамшасы сыңар болады, тілдің түбірінде, шырышты қабық астында орналасады. [Жұтқыншақ](#) Бадамшасы біреу, жұтқыншақтың жоғ. және артқы қабырғаларының аралығында жатады, ал бір жұп түтіктік Бадамшалар жұтқыншақтың [мұрын](#) бөлігінде және [есту түтігінің](#) жұтқыншаққа ашылатын тесігін қоршай орналасады. Бадамша асқынғанда жұтыну, тыныс алу қиындайды. Бадамшаның үлкейіп қабынуы [баспа](#) ([ангина](#), [тонзилит](#)), [аденоид жұқпалы ауруларына](#) шалдықтырады



Лимфа түйіндері -
(*nodi lymphatici*, [лат. nodi](#)
- түйін, *lympha* - таза су,
ылғал) - пішіні дөңгелек
немесе сопақша
келген, [лимфа](#)
тамырларының
бойында орналасқан,
лимфоциттердің түзілу
процесі
(лимфоцитопозэ)
жүретін шеткі қантұзу
мүшесі

Строение лимфатического узла






Лимфа түйіндері - сыртынан дәнекер ұлпалық қапшықпен қапталған. Ол коллаген талшықтарынан, аздаған эластин талшықтарынан және миоциттерден құралған. Дәнекерұлпалық қапшықтан лимфа түйіндері ішіне тарала енетін дәнекерұлпалық перделікгер бір-бірімен торлана жалғасып, лимфа түйіндерінің негізін (стромасын) құрайды. Олардың аралықтарында лимфа түйінінің негізгі қызметтерін атқаратын оның паренхимасы орналасады. Паренхиманың негізін ретикулалы ұлпа құрайды. Лимфа түйіндері сыртқы — қыртысты заттан, ішкі — бозғылт заттан және осы заттардың аралығындағы — қыртысмаңы (паракортикальды) аймақтан тұрады.



Көкбауыр - құрсақ қуысының жоғары бөлігінің сол жағындағы 9-11 қабырғалардың тұсында орналасқан сыңар мүше. Оның ұзындығы шамамен 10-14 см, ені 6-10 см, қалыңдығы 3-4 см, салмағы 150- 200 г. Көкбауырда қан жасушалары түзіледі әрі уақытша сақталады. Сонымен бірге көкбауырда тіршілігін жойған [эритроциттер](#) жиналады. Иммундық мүшелер организмнің ішкі ортасының тұрақтылығын және генетикалық тұтастығын қамтамасыз етеді



(1)

(2)

(3)


(4)

(8)

(5)


(6)

(7)



**Айырша
без-(тимус)
кеуде
қуысында
кеңірдектің
жоғарғы ұшын
жауып тұрады.**

Тимустың анатомиялық орналасуы.



ТИМУС

KazMedic.kz

қазақ тіліндегі медицина



Тимустың негізгі қызметтері:

Иммундық. Негізгі иммундық өнімдері: Т-лимфоцит; Т-эффектор, хел пер; супрессорлары арқылы тікелей иммундық процестерге қатысады.

Секрециялық. Тимустың эпителиальды жасушаларының негізгі гормондары: тимозин, тимопоэтин, тимикалық сарысулық фактор т.б



Адамның балалық шағында ірі (30грамм) толады. Жыныстық жетілуден кейін кішірейеді (20грамм).
Қызметі : 1)Бұл без тимозин гармонын бөледі, ол ағзада иммундық жүйенің орталық жүйесі болып саналады.т 2)Тимозин гармоны жетіспесе, ағзаның иммундық қысиеті төмендейді. 3)Көкбауырдың мөлшері кішірейіп, қандағы лимфоцит жасушалары азайып, қарсыдене түзілмейді



Қорытынды

Иммунды жүйе-организмнің жұқпалы ауруларға және табиғи жай заттардың зиянды әсеріне қарсы тұру қабілеттілігін қамтамасыз етеді, қызметті қалпынан өзгергенде адам ауруларға тез ұшырайды



Пайдаланылған

әдебиеттер:

1. <http://kazmedic.kz/archives/1547>
2. <https://stud.kz/referat/show/13385>
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Иммун>
4. <http://www.psyworld.ru/for-students/lectures/anatomy-and-physiology-of-a-childrens-organism/>
5. Сапин М.Р. «Анатомия и физиология детей и подростков»; «Академия»